



# Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saiası gazeti      Gazet 1937 jylǵan bastap shyǵady      beisenbi, 15 jeltoqsan 2022 jyl №50 (11 040)

## СЕРПІГЕНДЕ БОДАНДЫҚТЫҢ ТҰМАНЫН, ЖЕТТІ ӘЛЕМГЕ ҰРАНЫМ МЕН ЖЫР ӘНІМ!

### Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке біздің еліміздің және оның халқының ұзақ жылғы арманы. Сондықтан ол баршамыз үшін ерекше.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі жарияланған күннен бастап еліміздің дамуында жаңа өзгеріс басталып, оның тарихында жаңа кезеңнің беттері ашылды.

Осы жылдардың ішінде мемлекеттілігіміз нығайып, саяси тұрақтылықты сақтап, тәуелсіздігімізді нығайта түстік. Біздің қол жеткізген ең басты жетістігіміз ұлтаралық және дінаралық қатынастарда тыныштық пен келісімді сақтай білуіміз болды. Қысқа мерзімнің ішінде біздің еліміз реформаны табысты жүргізудің үлгісін көрсетіп, әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі бола білді, түрлі халықаралық ұйымдардың жұмысына белсене араласып, әлемдік саясатқа ықпал ете бастағаны соның айқын бір дәлелі.

Шежірелі өлкеміз - Шет ауданының тұрғындары Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жаңа Қазақстан құру жолында алға қойған келелі істерді жүзеге асыруда өздерінің сүбелі үлестерін қосады деген сенімдеміз!

Айтулы мереке күні Сіздерге зор денсаулық, жақсылық, сәттілік пен бақыт тілейміз! Бүгінгі мереке ертеңгі күнге деген сенімдеріңізді арттырып, әр үйге қуаныш әкелсін!

**М.МҰХТАРОВ,**  
аудан әкімі.

**С.СОЦИАЛ,**  
мәслихат хатшысы.



### Қадірлі аудан тұрғындары!

Сіздерді еліміздің Ұлық мерекесі - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақ халқының және бүкіл қазақстандықтардың жаңа тарихындағы маңызды осы жылдар ішінде еліміздің жаңа өскелең ұрпағы ер жетіп үлгерді.

Осынау жылдар ішінде егемен Қазақстанымыз мемлекеттіліктің жаңа моделін құру және шапшаң даму қарқынымен, соның ішінде демократиялық, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүргізу арқылы бүкіл дүние жүзінде үлкен беделге ие болды. Тәуелсіздік алған күннен бастап көпұлтты еліміздегі халықтардың достығы, ұлт пен ұлыстардың өзара түсіністігі мен келісімі мемлекетіміздің саясатындағы басты басымдықтардың бірі болып қалды және қала береді.

Айтулы мерекеміз - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында баршаңызға мықты денсаулық, жақсылық, зор бақыт және отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілейміз!

**Б.ЛІЯСОВ,**  
Шет ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы.

### Тәуелсіздік күні құтты болсын!

"Аманат" партиясының Шет аудандық филиалы Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтайды!

Бүгінде Қазақстан тұрақты дамып келе жатқан, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени дамуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізген Тәуелсіз ел ретінде белгілі.

Бүгінде тәуелсіз еліміз халықаралық аренада өзінің беделін күшейтіп, қуатты ел ретінде өзін көрсетті.

Біз шын мәнінде Отанымызды мақтаныш тұтып, болашаққа сеніммен қараймыз.

Мереке құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, береке-бірлік тілейміз!

**Б.БАДАНОВ,**  
"Аманат" партиясы  
Шет аудандық филиалының  
атқарушы хатшысы.

### Жыр шашу

#### ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Тәуелсіздік - ұлы ұғым, айбынды,  
Елестетер шексіз аппақ айдынды.  
Тәуелсіздік - бір Тәңірдің тартуы,  
Шығарғандай алдымыздан Ай, Күнді.

Тәуелсіздік - жарқыраған нұр-жақұт,  
Заманалар легіндегі дүр-уақыт.  
Тәуелсіздік - қазақ үшін ғажап құт,  
Ұзағынан сүйіндірсін, бұл - бақыт!

Азаттықтың аппақ құсы қалықтап,  
Келер күнді, Келешекті анықтап,

Қазақстан - жылдан-жылға жаңарып,  
Бізге келсін, Елім көрсін - анық бақ!

Туған жерім, Отан - аман болсыншы,  
Көтеріліп, көңіл соған толсыншы.  
Тәуелсіздік туы мәңгі желбіреп,  
Елімізге бақ-береке қонсыншы!

Ақзер дүние, арайланып атқан таң,  
Ырыс-құтты болсын дейміз, аппақ ман.  
Қазақстан - биіктерге өрлей бер,  
Жаңа өмір - жақсылықпен жаққан шам!

**Бауыржан РЫСБЕКОВ,**  
ақын.  
Талды ауылы.

БАСПАСӨЗ-2023

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 ЖЫЛҒА "ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ" ЖӘНЕ "ШЕТ ӨНІРІ" ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА.



АУДАНЫҚ "ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ" ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60, БІР ЖЫЛҒА 3915.20 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65049

"ШЕТ ӨНІРІ" ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕНҒЕ, БІР ЖЫЛҒА 3915.20 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65060

АУДАНЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА "КАЗПОЧТА" АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

## Бәрекедiл

ЖЕРЛЕСИМІЗ ӘЛЕМ  
ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Ағымдағы жылдың 13 желтоқсанында Елордамыз Астана қаласында ұлттық спорт түрі қазақ күресінен Әлем чемпионаты өткен болатын. Әлемнің әр

лесіміз Дәртаев Айдын Батырланұлы қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, алтыннан алқа тақты.

Осы орайда, қазақ күресінен жауырыны жерге тимеген жампоз балуандардың мекенінен қанат қаққан спортшымызды барша аудан халқы атынан жаңа жетістігімен құттықтап, алдағы уақытта да биік белестерді бағындыруына тілектеспіз.

Сонымен қатар, 2022 жылдың 2-10 желтоқсан аралығында БАӘ Дубай қаласында классикалық пауэрлифтингтен өткен Азия чемпионатында жерлесіміз Зейнедилов Азат 59 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанды. Спортшымызға және жаттықтырушысы Караман Абдулкаримге алдағы байрақты бәсекелеріне сәттілік тілеп, жеңіс тұғырынан көрінулерін



түкпірінен білекті де жүректі балуандар бас қосқан байрақты бәсекеде жер-

тілейміз.

Өз тілшімізден.

## Ел іші-өнер кеніші

ҮЗДІК ӨНЕРПАЗ ҰЖЫМДАР  
МАРАПАТТАЛДЫ

Биылғы жыл елімізде ерекше оқиғаларға толы жыл болды. Еліміздің елдігін, халқымыздың рухын айқындайтын Мемлекеттік Рәміздерімізге 30 жыл толса, КСРО халық әртісі, халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдығы аталып өтті. Осыған орай аудандық мәдениет үйінде, аудан әкімінің қолдауымен ауыл, кент округтері мен аудан мекеме ұжымдары арасында халықтық көркемөнерпаздық ұжымдарды дамыту, өнердің әр жанрын насихаттау, халық арасынан жаңа талантты орындаушыларды анықтау мақсатында өткізілген театрландырылған шығармашылық байқаудың қорытынды Гала концерті өткен болатын.

Батырбекованың орындауындағы Абылай Берденовтің «Тойын тойға ұлассын» әні, пародия өнерімен ерекшеленген Тағылы ауылы көркемөнерпаздары ішінен әжелер ансамблі «Дос-Мұқасан» әндерінен орындаған пародиясы, Киікті ауылы көркемөнерпаздары ішінен «Ақ әжелер» ансамблінің орындауындағы халық әні «Сәулем-ай», «Нұрдулет» бөбекжайы көркемөнерпаздары арасынан Амангелді Базарбаевтың «Найзағай» әні, аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімдері көркемөнерпаздары ішінен «Көк тудың желбірегені» әнімен Әлихан Төлеутай, Ақжал кенті көркемөнерпаздары арасынан Гениат Әбдіқасованың орындауындағы «Жүрегім ақ» әні,



«Ел іші - өнер кеніші» дегендей, әр салада еңбек ете жүріп өнерден де құралған еместігін байқатқан таланттылар өз өнерлерін ортаға салды. Аталмыш байқауға ауданымыздың 9 ауыл, кент округтері мен аудан мекемелерінен 4 ұжым, барлығы 13 өнер ұжымы қатысты.

Осы ұжымдар ішінен жақсы өнер көрсеткен өнерпаздар іріктеліп, Гала-концертке қатысқан, атап айтсақ Кеншоқы ауылы көркемөнерпаздары ішінен өзінің арнауын ала келген Шабан Нұрбек, адам жанының арасына, ақ халатты абзал жандар аудандық аурухана көркемөнерпаздары ұжымы, ауданымыздың ауыл шаруашылық ұжымының атынан өнер көрсеткен Бұқар жыраудың «Он бір тілек» жырымен Мейрам Фатих-Сұлтан, «Ах самара городок» әнімен «Балдырған» бөбекжайы ұжымынан Гүлмира Тәжібаева, Ақалдыр көркемөнерпаздар ұжымынан «Шах-нұр» бишілер тобы «Шашу» биімен, Красная Поляна ауылынан Қасым Аманжоловтың әні «Өмір жайлы» әнімен Өмірбай Усумбеков, Дәрия кенті көркемөнерпаздары арасынан Әлия

Босаға ауылы көркемөнерпаздары арасынан «Ұлы дала» әнімен Айһұр Данабекова, «Нұрдулет» бөбекжайының көркемөнерпаздары арасынан Жансұлу Бәделхан орындауындағы өзбек әні «Аялжан» және бишілер тобы барша өнерсүйер көрерменнің қошеметіне бөленді.

Байқау қорытындысы бойынша аудандық мекеме, ұжымдарының арасында І-орынды аудандық аурухана ұжымы, ІІ-орынды «Нұрдулет» бөбекжайы, ІІІ-орынды «Балдырған» бөбекжайы иеленсе, ауыл, кент округтері көркемөнерпаздары арасынан Босаға ауылдық округі бас жүлдеге, І-орынды Ақалдыр кенті, ІІ-орынды Тағылы ауылдық округі және ІІІ-орынды Киікті ауылдық округінің өнерпаздары иеленіп, арнайы диплом және алғыс хаттармен, сондай-ақ, қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Барша марапат иелерін жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз. Марапаттарыңыз құтты болсын!

Өз тілшімізден.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«БАУТАУ MINING» ЖШС ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қарағанды облысы Шет ауданындағы Мұхтар алтын кен орнындағы барлауға әсер ету рұқсатын алу үшін жобалық материалдарға сөйкес («Атмосфераға рұқсат етілген шығарындылар стандарттары» жобасы), Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Экологиялық іс-шаралар жоспары).

Әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал ауылы.

Тыңдаулар 2023 жылғы 31 қаңтарда сағат 15.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті, Абай көшесі, 5,

әкімдік ғимараты.

Қоғамдық тыңдаулар кезінде онлайн-трансляцияға қосылу сипаттамасы: қосылу сілтемесі <https://us04web.zoom.us/j/7684029901?pwd=bF15cVgrdC9NRG8zRUFCNE9ENk0xdz09> конференция идентификаторы 768 402 9901, құпия сөз 2sE04g.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «БАУТАУ MINING» ЖШС, 090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Соколиная көшесі, 10А құрылыс БИН210940026534.

Құжаттаманы әзірлеуші: АЖ «GREEN ecology» 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Полегаева көшесі, 13 үй, пәтер. 27, тел.: +7-701-603-80-56, e-mail: [green\\_ecology@mail.ru](mailto:green_ecology@mail.ru)

[mail.ru](mailto:mail.ru)

Жоба материалдары келесі сайттарда орналастырылған: <https://ecoportal.kz> / және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты келесі мекенжай бойынша алуға болады: 090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Соколиная көшесі, 10А құрылыс, тел. +7-700-083-8385

Ескертулер мен ұсыныстар сайтта қабылданады: [ecoportal.kz](mailto:ecoportal.kz) және Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 мекен-жайы бойынша [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru); тел. 7(7212)56-81-66.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «БАУТАУ MINING», проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Проектным материалам для получения разрешения на воздействие для разведки на рудопроявлении золота «Мухтар» в Шетском районе Карагандинской области (Проект «Нормативы допустимых выбросов в атмосферу», Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий).

Территория воздействия: Карагандинская область, Шетский район, п.Ақжал

Слушания состоятся 31 января 2023 года В 15.00 по адресу: Карагандинская область, Шетский район, поселок Ак-

жал, ул. Абай, 5, здание акимата.

Описание для подключения к онлайн трансляции при прохождении общественных слушаний: ссылка для подключения <https://us04web.zoom.us/j/7684029901?pwd=bF15cVgrdC9NRG8zRUFCNE9ENk0xdz09> идентификатор конференции 768 402 9901, пароль 2sE04g.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «БАУТАУ MINING», 090000, Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область, г.Уральск, ул. Соколиная, строение 10А БИН210940026534.

Разработчик документации: ИП «GREEN ecology» 100000, Республика Казахстан, г.Караганда, ул.Полегаева, дом 13, кв.

27, тел.: +7-701-603-80-56, e-mail: [green\\_ecology@mail.ru](mailto:green_ecology@mail.ru)

Материалы размещены на сайтах: <https://ecoportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru>.

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: 90000, Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область, г.Уральск, ул. Соколиная, строение 10А, тел. +7-700-083-8385.

Замечания и предложения принимаются: на сайте [ecoportal.kz](mailto:ecoportal.kz) и по адресу г.Караганда, ул.Лободы 20 [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru); тел. 7 (7212) 56-81-66.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Қарағанды облысы Шет ауданында №25.03.22 жылы 1680 - ЕЛ лицензиясы бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» экологиялық бағалау материалдарымен Әсер ету мүмкіндігі есебі туралы ашық жиналыс түрінде қайта қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты, орны: 2023 жылғы 18 қаңтар, қатысушыларды тіркеу - 14.45, қоғамдық тыңдаулардың

басталуы - 15.00, қоғамдық тыңдаулар қайта ашық жиналыс түрінде өткізіледі. Қоғамдық тыңдау Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшоқы ауылы, Ақбауыр бөлімшесі, Достық көшесі 36, мектеп ғимаратында өтеді. (Қатысушыларды тіркеу кезінде жеке куәлігі болуы қажет.)

Тапсырыс беруші - «Жумабек Плюс» ЖШС, БСН 111240003165, Қарағанды қ., Степной ықшамауданы, 4, 32 п., т. 87023725416.

Жергілікті атқарушы орган - «Ақшоқы ауылдық округі Шет ауданы Қарағанды облысы әкімінің аппараты» ММ, тел. 8 77100449279.

Жоба бойынша құжаттамалар БЭК-те <https://ecoportal.kz> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар мына электронды мекенжай бойынша қабылданады: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru), 8(7172)56-81-66.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

18.01.2023 г. в 15.00 ч. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, сельский округ Ақшоқы отделение Ақбаур, в здании школы по ул.Достык 36, будут проводиться повторные общественные слушания в форме открытого собрания на «План проведения геологоразведочных работ твердых полезных ископаемых в Шетском районе Карагандинской области по лицензии №1680 - ЕЛ от 25.03.22 г.» с материалами экологической

оценки Отчет о возможных воздействиях.

Регистрация участников 14.45 при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик - ТОО «Жумабек Плюс», БИН 111240003165, г.Караганда, мкр.Степной, 4, д.32, кв.47, т. 87023725416.

Местный исполнительный орган - ГУ «Аппарат акима Ақшокинского сельского округа Шетского района Карагандинс-

кой области», тел. 87710449279.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются по электронному адресу: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru), 8(7172)56-81-66.



Shet shugylasy

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті  
Газеттің құрылтайшысы және меншік иесі М.Д.САДУАҚАСОВ

Директор-редактор  
Мейрам Дәулетбекұлы

Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы, жауапты хатшы тел. 50-9-03  
Қасымхан Отынши, Ақалдыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы тел: 8 7057517898.  
Бухгалтерия тел. 79-0-81

Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1423 дана. Газеттің басылу сапасына «Арқо» баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.

Эл. пошта: [Shshugla@mail.ru](mailto:Shshugla@mail.ru) Қарағанды қаласындағы «АРҚО» баспаханасында басылды. (К.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.